

2010 жылы көктемгі егістік жұмыстарын жүргізудің оңтайлы мерзімдерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют аудандық әкімдігінің 2010 жылғы 5 мамырдағы N 136 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 6 мамырда N 13-10-113 тіркелді. Күші жойылды - (Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют аудандық әкімінің 2013 жылғы 14 қаңтардағы N 02-08-02-02/37)

Ескерту. Күші жойылды - (Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют аудандық әкімінің 14.01.2013 N 02-08-02-02/37)

Қазақстан Республикасы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 31-бабы 1-тармағы 5) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Облыстық бюджеттердің және Астана қаласы бюджетінің көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге қажетті жанар-жағар май материалдары мен басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын арзандатуға 2010 жылдың республикалық бюджетінен бөлінетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану ережесін бекіту туралы» 2010 жылғы 25 ақпандағы № 123 қаулысының 7-тармағына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. «Солтүстік Қазақстан облысы ауыл шаруашылық тәжірибе станциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің қорытындысына сәйкес және жылдың климаттық ауа райы жағдайын есепке ала отырып, субсидиялаған әрбір басымды ауыл шаруашылық дақылдар бойынша көктемгі егістік жұмыстарын жүргізудің оңтайлы мерзімдері қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С.А. Төлеубаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы Қазақстан Республикасы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және барлық ақпарат құралдарында алғаш рет ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Қ. Қалиев

А у д а н

ә к і м д і г і н і н

2 0 1 0

ж ы л ғ ы

7

с ә у і р

№ 89 қаулысына қосымша

Көктемгі егістік жұмыстарын жүргізудің оңтайлы мерзімдері

№ т/т	Жер игеру зонасы	Селолық округтер	Дақыл	Көктемгі егісті жүргізудің оңтайлы мерзімдері
1.	1 орманды дала	Краснознамен, Белое, Пригород, Становое, Ленин	Жаздық бидай, орташа ж/е кеш мерзімді сорты	15.05-27.05
			Ерте мерзімді сорт	до 01.06
			Арпа – орташа кеш мерзімді сорты	25.05-30.05
			Арпа – орташа мерзімді сорты	30.05-05.06
			Сұлы – орташа кеш мерзімді сорты	25.05-30.05
			Сұлы – орташа мерзімді сорты	27.05-30.05
			Бұршақ	25.05-30.05
			Қарақұмық	22.05-28.05
			Рапс	15.05-18.05
			Зығыр, Қыша	18.05-22.05
			Май тұқымына арналған Күнбағыс	15.05-18.05
			Картоп	18.05-23.05
			Күзгі бидай	25.08-05.09
			Күзгі қара бидай	25.08-05.09
			Сәбіз	10.05-20.05
			Пияз	10.05-20.05
			Қызылша	25.05-05.06
			Қияр	20.05-05.06
			Қырыққабат көшеті	25.05-10.06
			Қызанақ көшегі	28.05-10.06
2.	2 далалық жазық	– Андреев, Воскресенов, Қызыләскер,	Жаздық бидай, орташа ж/е кеш мерзімді сорты	15.05-30.05
			Ерте мерзімді сорт	до 05.06

			Арпа – орташа мерзімді кеш сорты	25.05-30.05
			Арпа – орташа мерзімді сорты	30.05-05.06
		Леденев, Новомихайлов, Дубровное	Сұлы – орташа мерзімді кеш сорты	25.05-30.05
			Сұлы – орташа мерзімді сорты	27.05-30.05
			Бұршақ	25.05-30.05
			Қарақұмық	25.05-30.05
			Рапс	15.05-20.05
			Зығыр, Қыша	17.05-20.05
			Май тұқымына арналған Күнбағыс	15.05-18.05
			Картоп	18.05-23.05
			Күзгі бидай	25.08-05.09
			Күзгі қара бидай	25.08-05.09
			Сәбіз	10.05-20.05
			Пияз	10.05-20.05
			Қызылша	25.05-05.06
			Қияр	20.05-05.06
			Қырыққабат көшеті	25.05-10.06
			Қызанақ көшеті	28.05-10.06